

/Логотип/

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2022 жылғы 18 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мына құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот Төрағасы Э.В.Айриян,

баяндамашы судья Г.А.Скрипкина,

судьялар А.М. Ажибраимова, Ж.Н.Бәйішев, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,

сот отырысының хатшысы К.С.Абдылдабекованың қатысуымен, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73-75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Сот өкілдігі орталығының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің 3-бабының ережелеріне түсінік беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Сот өкілдігі орталығы (бұдан әрі – өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 3-бабының ережелеріне түсінік беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Келісімнің 3-бабына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын дәл сондай шарттарда және дәл сондай тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Келісімнің жоғарыда көрсетілген бабының негізінде Қырғыз Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - ЕАЭО, Одақ) мүше мемлекеттердің еңбекшілері Қырғыз Республикасының

заңнамасына сәйкес сақтандыру жарналарын төлеуге тиіс.

Өтініш беруші Қырғыз Республикасының 2004 жылғы 24 қаңтардағы № 8 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі сақтандыру жарналарының тарифтері туралы" Заңымен бүгінгі таңда Қырғыз Республикасының азаматтарына қолданылатын тарифтермен салыстырғанда уақытша болатын шетел азаматтарына қатысты сақтандыру жарналары тарифтерінің өзге мөлшері көзделетінін атап өтеді. Қырғыз Республикасының 2021 жылғы 15 қарашадағы № 132 Заңымен жоғарыда аталған заңға шетелдік азаматтар және Қырғыз Республикасының азаматтары үшін сақтандыру жарналары аударымдарының мөлшерін теңестіретін өзгерістер енгізілді. Алайда мұндай өзгерістер 2022 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енеді.

Көрсетілген Келісімді іске асыру кезінде өтініш берушіде жекелеген сәттерді айқындап алу қажеттігі туындады, соған байланысты ол Соттан мына мәселелер бойынша түсінік беруді сұрайды:

1) Келісімнің 3-бабының 1-тармағы, егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің қолданыстағы заңнамасында бұл әртүрлі санаттағы адамдарға қолданылатын екі түрлі тариф болса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің азаматтарына ғана қолданылатын ставкаларға (3%) ЕАЭО елдерінің уақытша болатын шетел азаматтарына қолданылатын (27,25%) сақтандыру жарналарының ставкаларын (тарифтерін) теңестіру үшін негіз ретінде түсіндіріле ме?;

2) 2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Келісімнің 3-бабының 1-тармағын басшылыққа ала отырып, егер Қырғыз Республикасының заңнамасында шетел азаматтары үшін 3% мөлшерінде тариф белгіленсе, ал тарифтердің өсуі (теңестірілуі) туралы өзгерістер тек 2022 жылғы қарашада күшіне енетін болса, ЕАЭО мемлекеттерінің азаматтары - Қырғыз Республикасында уақытша болатын жалдамалы жұмыскерлер Қырғыз Республикасының азаматтарымен тең мөлшерде 27,25% мөлшерінде сақтандыру жарналарын төлеуге тиіс пе?

II. Соттағы рәсім

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі тиісінше - Статут, Шарт) 46-тармағына сәйкес Сот мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелеріне түсінік береді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты регламентінің (бұдан әрі - Сот Регламенті) 72-бабына сәйкес түсінік беру туралы өтініш бойынша сот ісін жүргізу түсінік беру туралы

өтінішті, түсінік беру туралы өтініште көрсетілген мәселеге жататын, сондай-ақ Соттың консультативтік қорытынды дайындауына жататын өзге де құжаттар мен материалдарды не осындай құжаттар мен материалдардың куәландырылған көшірмелерін кірістіреді.

Соттың Үлкен алқасының 2022 жылғы 20 маусымдағы қаулысымен түсінік беру туралы өтініш сот ісін жүргізуге қабылданды.

Істі Сотта қарауға дайындау шеңберінде өтініш берушіден, Еуразиялық экономикалық комиссиядан, Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әлеуметтік қордан, Беларусь Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен, Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен, Армения Республикасының Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігінен, Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтынан, Беларусь кәсіподақтар федерациясының "МИТСО" халықаралық университеті" білім беру мекемесінен жауаптар алынды.

III. Соттың тұжырымдары

Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала келіп, Сот 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі - Вена конвенциясы) 31-бабының ережелерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары негізінде Шарттың ережелеріне олардың өзара жүйелі және Одақ органдарының шешімдерімен байланысына орай түсінік беруді жүзеге асырады.

1. Шарттың XXVI "Еңбек көші-қоны" бөліміндегі 96-баптың 1 және 3-тармақтарының күшімен мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі еңбек көші-қонын реттеу саласындағы саясатты келісу бойынша, сондай-ақ мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін мүше мемлекеттер еңбекшілерін ұйымдастырылған түрде іріктеуге және тартуға жәрдем көрсету бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық комиссияның өтініші бойынша 2018 жылғы 7 желтоқсандағы консультативтік қорытындыда баяндалған Соттың құқықтық позициясына сәйкес, еңбекшілер Одақ құқығының мәні бойынша Одақ шеңберінде бірыңғай мәртебеге ие болады және Шарт беретін құқықтар мен заңды мүдделерді пайдаланады.

Қаралып отырған өтінішке қолданылуына қарай Соттың Үлкен алқасы еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыру және Одақ шеңберінде еңбек көші-қонына жәрдемдесу зейнетақымен камсыздандыруды қоса, мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне тиісті

құқықтар мен кепілдіктер берумен тікелей байланысты деп тиянақтайды.

Шарттың 98-бабының 3-тармағының 3-абзацының күшімен мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекетінің заңнамасымен, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы жекелеген халықаралық шартқа сәйкес, ал аталған жағдайда 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісімге сәйкес реттеледі.

2.Келісімнің 14-бабының 4-тармағына сәйкес Келісім мүше мемлекеттердің Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап соңғы болып күшіне енеді.

Одаққа мүше мемлекеттердің бәрі Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы депозитарийге (Еуразиялық экономикалық комиссияға) дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама берді, осылайша Вена конвенциясының 24-бабының 2-тармағына сәйкес оның міндеттілігіне келісу білдірді және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Келісімде қол жеткізілген барлық уағдаластықты орындау жөнінде өздеріне міндеттеме алды.

3.Келісімнің 3-бабының 1-тармағына сәйкес еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын дәл сондай шарттарда және дәл сондай тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады. Келісімнің 1-бабында жұмысқа орналастырушы мемлекет деп аумағында еңбекшінің зейнетақы құқықтары қалыптасатын не қалыптасқан мүше мемлекет ұғынылатыны белгіленген.

Келісімде баяндалған нормаларды Шарттың 96 және 98-баптарымен жиынтықта айқындау Соттың Үлкен алқасына Одаққа мүше мемлекеттер айқындаған зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі құқықтық қатынастарға қатысушыларға еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру, олардың еңбек зейнетақысын алу құқығын иемденуі мақсатында жарналарды төлеу жөніндегі міндет жүктеледі деп тұжырымдауға негіз береді. Өз кезегінде, Одақтың еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын құру құқығы іске асырылуы ұлттық заңнамаға сәйкес қамтамасыз етілетін еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру шарттары мен тәртібіне кепілдік береді.

Соттың Үлкен алқасы Келісімнің 3-бабы 1-тармағының нормасына салынған еңбекшілердің зейнетақы құқықтары және жұмысқа орналасу мемлекеті азаматтарының зейнетақы құқықтары мәселелеріндегі теңдік қағидаты да зейнетақы құқықтарының бір құрамдасы ретінде зейнетақы жарналарын қалыптастыру шарттары мен тәртібіне тікелей жатады деп

пайымдайды.

4.Қырғыз Республикасы Конституциясының 6-бабы 3-тармағына сәйкес халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, сондай-ақ Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес күшіне енген халықаралық шарттар Қырғыз Республикасының құқықтық жүйесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Халықаралық шарттарды және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын қолдану тәртібі мен шарттары заңмен айқындалады.

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 64 "Қырғыз Республикасының халықаралық шарттары туралы" Заңының 24-бабының күшімен халықаралық шарттар Қырғыз Республикасы үшін халықаралық шарттардың өзінде көзделген тәртіпте және мерзімде, сондай-ақ халықаралық шарттың нормаларына сәйкес күшіне енеді.

Қырғыз Республикасының 1997 жылғы 21 маусымдағы № 57 "Мемлекеттік зейнетақылық әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңының 1-бабының 2-бөлігімен Қырғыз Республикасы қатысушысы болып табылатын, заңда белгіленген тәртіпте күшіне енгізілген халықаралық шарттарда аталған Заңда қамтылғаннан өзге қағидалар белгіленген жағдайларда, осы халықаралық шарттарда белгіленген қағидалар қолданылады.

Қырғыз Республикасының 1996 жылғы 17 маусымдағы № 20 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңының 21-бабының 2-бөлігіне сәйкес сақтандыру жарналарының мөлшері Қырғыз Республикасының "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі сақтандыру жарналарының тарифтері туралы" Заңымен белгіленеді.

Қырғыз Республикасының 2021 жылғы 15 қарашадағы № 132 Заңымен Қырғыз Республикасының 2004 жылғы 24 қаңтардағы № 8 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі сақтандыру жарналарының тарифтері туралы" Заңына өзгерістер енгізілді.

Соттың Үлкен алқасы Қырғыз Республикасының ұлттық заңнамасы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерінің және жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтары бөлігінде Келісімге сәйкес келетінін атап өтеді.

Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысында зейнетақы жарналарының жаңа (бірыңғай) тарифі қандай тәртіпте енгізілетіні туралы мәселе олардың ішкі құзыретіне жатады.

5.Баяндалғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Сот өкілдігі орталығының сұрақтарына мынадай жауаптар ұсынады:

5.1. Келісімнің 3-бабының 1-тармағы зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы құқықтарын қалыптастырудың тең шарттары мен тәртібін

белгілейді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен жұмысқа орналасу мемлекеті азаматтарына қолданымды зейнетақы жарналарының ставкаларын (тарифтерін) теңестірудің негізі болып табылады.

5.2. Келісім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде қолданылуда.

IV. Қорытынды ережелер

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Э.В.Айриян

Судьялар

А.М.Ажибраимова

Ж.Н.Бәйішев

Д.Г.Колос

Т.Н.Нешатаева

В.Х.Сейгімова

Г.А.Скрипкина

А.Э.Туманян

А.А.Федорцов

К.Л.Чайка